



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Реттелетін қатынастардың кең ауқымы, нормаларының құрылымы мен нақты мазмұны бойынша Конституциясының қазақстандық моделі қазіргі уақытта қоғам мен мемлекеттің өзекті қажеттіліктеріне жауап беретін қисынды аяқталған түрде ие болды. Сонымен қатар, құқық қорғау практикасы Қазақстан халқының мүддесі мен қажеттілігі, жалпы мемлекеттік өрлеу игілігі үшін қолданылып жүрген Конституцияда одан әрі іске асыруды талап ететін едәуір құқықтық әлеуеттің болуын растайды.

Қазақстан мемлекетінің қалыптасуы әуел бастан күрделі саяси, құқықтық және әлеуметтік экономикалық жағдайларда қоғамдық қатынастарды біртіндеп және сонымен қатар жүйелі түрде реформалау арқылы жүргізілгенін айта келе, Қазақстанның ішкі мемлекеттік дамуда қол жеткізген нәтижелері, жоғары сыртқы саяси деңгейі бұл тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың көпқырлы қызметінің жемісі екендігін атаған жөн.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Шариғат заңдары қайта күшіне ене ме? Тағабай Қасымов. «Оңтүстік Рабат» газеті. Шымкент. «Оңтүстік Рабат» газеті. 2012. Б-13-15.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекеттің негізгі заңдық құжаты. М.Ғ. Хамзина. Конституция - Қазақстан Республикасындағы демократиялық өзгерістердің негізі ретінде: дөңгелек үстел материалдарының жинағы 21 қыркүйек. Астана. 2010. Б-99-106.
3. Заңдардың төресі. Жексенбай Дүйсебаев. «Егемен Қазақстан» газеті. 2010, наурыз. Б-№90-93 12 наурызжұма, 2010 жыл. Б-17.
4. Әмбебап конституция моделі ешбір елде жоқ - Қазақстандағы Өзбекстан Елшісі. Алматы. 2012. Б-4.
5. «Сара жолға бастайтын сындарлы реформа». Өмірбек Байгелди. Астана №3. 2007, мамыр-маусым. Б-8-9.
6. Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Ақиқат №6. 2007. Б-4-11.
7. Қазақстанға өлім жазасы керек пе? <http://baq.kz/kk/news/23431>

УДК 349.23/24

КЕҢЕСТІК ДӘУІРДЕГІ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ КӨРІНІСІ

Шыңғысбаева Айдана

shin-aidana@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Заң факультетінің 1-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші: з.ғ.к., доцент Б.Ө. Алтынбасов

Мемлекеттілік - 1) өз мемлекетін құрудан немесе қандай да бір жағдайлармен жоғалып кеткен мемлекетін қайта қалпына келтіруден көрініс табатын, әлеуметтік қауымдастықтың (этностың, халықтың) тарихи дамуының ерекше белгісі; 2) мемлекеттік құрылым, мемлекеттік ұйым.

Кеңес дәуіріне дейінгі Ресей тарихшылары: "Қазақтарда мемлекет те, хандық та болған жоқ, хан деген сөз қатардағы ру, тайпа басы мағынасында ғана қолданылды", — дейді. Бұл көзқарас бойынша патшалық Ресейдің қоғамдық-экономикалық құрылысы "тұрпайы", "көшпенді бұратаналардан" әлдеқайда жоғары болғандықтан, оларды Ресейдің жаулап алуы ілгерілеушілік қадам болды.

Кеңес дәуіріндегі кейбір зерттеушілер: "Көшпелілерде мемлекет қалыптасып үлгерген жоқ, олар тек шаруашылық қауым деңгейінде өмір сүрді", — дейді. Олардың пікірі бойынша, көшпелілер таптық қоғам құра алмады, жерге жеке меншік болмағандықтан, мемлекеттік құрылым да болған жоқ. Көшпелі мал шаруашылығы қауымның бытыраңқы, шашыраңқы жағдайын қажет етеді.

Сөйтіп, дүние жүзі халықтарының тұрмыс-тіршілігін, саяси құрылысын еуропалық үлгімен кесіп-пішетін ғалымдар дүниежүзілік тарихтағы түркі-монғол көшпелілерінің рөлін толығымен жоққа

шығарды. Еуропа мен Ресей ғалымдарының басым көпшілігінің Шығыс халықтарының тарихына дегеносындай көзқарастарынеуроцентризмдепатайды.

Ресей империясының ұлттық аймақтарында, оның ішінде Қазақстанда Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Коммунистік партияның ұлттық бағдарламасына сәйкес бұрынғы отар халықтардың мемлекеттілігін құру мәселесі тұрды.

Осыған дейін айтылып кеткеніндей, коммунистік партияның ұлттық саясатының негізгі принциптерін Қазан революциясының жеңісінен бұрын-ақ В.И.Ленин теориялық жағынан тұжырымдап берген болатын. Бұл саясаттың басты қағидасы ұлттың бөлініп шығуға және жеке мемлекет құруға дейін өз даму жолын өзі анықтау құқығын талап ету болып табылады. Мәселенің бұлайша қойылуы отарлық шет аймақтағы халықтардың большевиктердің Қазан революциясы тұсында билік үшін жүргізген күресіне тұтастай қолдау көрсетуіне жағдай туғызды. Алайда большевиктер билікті жеңіп алғаннан кейін В.И.Ленин ұлтардың шыныменен өз даму жолын өзі анықтауын, Ресейден бөлініп шығып, тәуелсіз мемлекет құру құқығын аяғына дейін жеткізгісі келмеді, бұл мәселені шешуге бірінші кезекте социализм үшін күрескен еңбекшілердің мүддесі тұрғысынан қарау керек дегенді баса атап көрестті. Ал бұл ұлттық мемлекеттілік – халықтың барлық топары үшін қызмет ететін мемлекет емес, жұмысшылар мен шаруалар мемлекеті, яғни таптық мемлекет дегенді білдіреді.

В.И.Ленин Кеңестер ғана мемлекеттілік идеясын жүзеге асыра алады және Коммунистік партияның басшылығымен пролетариат диктатурасының үш негізгі міндетін: революция жолымен биліктен тайдырылған таптардың (помещиктер, капиталистер және ұлттық шет аймақтағы олардың одақтастарының) қарсылығына тойтарыс беру, капитализмді қалпына келтіру әрекеттерін болдырмау; барлық еңбекшілерді пролетариаттың төңірегіне топтастыру және оларды социализмді құруға жұмылдыру; революциялық күштерді қаруландыру және елді сырқы жаулардан қорғауды ұйымдастыру функцияларын барынша толық шешуге мүмкіндік береді деп есепетейді. Большевизмнің көсемі және орталық Кеңес үкіметі басшылығының бұл теориялық тұжырымы кейін РКФСР түріндегі Кеңестік федерацияны және оның құрамына кіретін ұлттық кеңестік республикаларды (ал кейін КСРО-ны) құру практикасында толығымен жүзеге асырылды.

Жаңа өкіметтің ұлттық-мемлекеттік құрылыс саласындағы негізгі принциптері Кеңес үкіметінің аса маңызды екі құжатында – «Ресей халықтарының құқықтарының Декларациясы» (1917 жылғы 2 қараша) және «Ресей мен Шығыстың барлық еңбекші мұсылмандарына» (1917 жылғы 20 қараша) деп аталған Кеңес үкіметінің үндеуінде жарияланды.

Кеңестердің Бүкілресейлік III съезінде (1918 жылғы қаңтар) қабылданған, В.И.Ленин жазған «Еңбекші және қаналушы халықтар құқықтарының Декларациясында» Коммунистік партиясының кеңес республикалары мемлекеттік құрылымының нысаны ретіндегі Кеңестік Федерацияға қатысты ұстанымы көрініс тапқан. «Кеңестік Ресей республикасы, - деп атап көрсетілді құжатта, - кеңестік ұлттық республикалардың федерациясы ретінде ерікті ұлттардың одағы негізінде құрылды».

Сонымен қатар Кеңес өкіметі 1917 жылы желтоқсанда II Бүкілқазақ съезінде құрылған Алашорда ұлттық-аумақтық автономиясын да, 1917 жылы қарашада IV өлкелік Жалпы мұсылмандық съезінде жарияланған Түркістан автономиясын («Қоқан автономиясын») да мойындамайтынын ашық білдірді. Тіпті, ол туралы жоғарыда айтылып кеткендей, Түркістан («Қоқан») автономиясын 1918 жылы ақпанда большевиктер талқандаған болатын.

Осындай аса қиын жағдайда Алашорда басшылары Алаш автономиясын оны 1917 жылдың аяғында құрылған принциптер негізінде тануы туралы орталық Кеңес үкіметімен келіссөздер жүргізуге тырысты. Осы мақсатпен РКФСР ХКК-нің төрағасы В.И.Ленинмен және Ұлттар істері жөніндегі Халық Комиссары И.Сталинмен кездесу үшін Әлихан

Бөкейханов Мәскеуге өзінің екі сенімді серігі – Халел мен Жанша Досмұхамедовтерді жіберді. Ә.Бөкейхановтың тапсырмасымен 1918 жылы 2 сәуірде Семейден Халел Ғаббасов телефон арқылы И.Сталинмен сөйлесті. Алайда осы келіссөздер барысында Алашорда басшылары В.И.Ленин мен И.Сталиннің талап етуі бойынша «Кеңес өкіметі елде барлық автономиялық мемлекеттік құрылымдардың орталық өкіметі» екенін амалсыз мойындады. Осыған қарамастан, олар кеңестік басшылардың алдында дұрыс шешілген жағдайда Алаш автономиясының тәуелсіздігін белгілі дәрежеде қамтамасыз ететін бірқатар мәселелер мен талаптар қойды. Олардың мазмұны мына тұрғыда еді: автономия ауқымында Қазақстан аумағының тұтастығын қамтамасыз ету; Алашорданың қолына заңдық және атқарушылық билікті беру; қазақ ішіндегі даулы мәселелерді шешуді халық өзі сайлайтын уездік және облыстық соттарға беру; «халық милицияларын» - автономияның қарулы күштерін ұйымдастыру; Алашорданы қолдағаны және Кеңес өкіметіне теріс пиғыл танытқан қоғамдық-саяси ұйымдарға қатысқаны және т.б. үшін Алаш қайраткерлері мен қазақ интеллигенциясы өкілдеріне қарсы саяси жаза қолдануға тыйым салу.

Алашорданың бұл ұсыныстары РКФСР-дың құрамдас бөлігі ретіндегі таптық принципке негізделген бірқатар халықтардың (қазақтар, татарлар, башқұрттар, Орта Азия халықтарының) кеңестік автономиясын құру жоспарын жүзеге асыруға кірісіп кеткен ел басшылығынан ешқандай қолдау таппады. Бұл туралы Алашорданың көрнекті қайраткерлерінің бірі Халел Ғаббасовтың 1929 жылы 10 қарашада ОГПУ тергеушісінің сұрақтарына берген жауабында айтылады. Атап айтқанда, Х.Ғаббасов былай деп мәләмдеді: «Сталинмен болған әңгімеде (тікелей телефон арқылы) мен Кеңес өкіметінің Декларациясына сәйкес ұлттардың Ресей халықтарынан бөлініп, дербес мемлекет құруына дейінгі ерікті өзін-өзі билеу құқығын тез арада іске асыру қажет екенін айттым... Дәл есімде жоқ, бірақ мен негізінен жойылған қазақ мекемелерін қалпына келтіру, кеңестер ауқымында ұлттық автономияны құру, қазақ халқының тұтқынға алынған қайраткерлерін босату мәселелерін қамтитын 14 пунктті ұсындым. Сталин өз жауабында біз Кеңес үкіметін мойындасақ, Құрылтай съезін ұйымдастыруға дереу кірісетіндіктерін білдірді... Біз Сталинге Кеңес үкіметін мойындайтынымыз туралы жеделхат жібердік және сол кезде Мәскеуде болған Досмұхамедовтарға (Халел мен Жаншаға. – *авт.*) орталық Кеңес үкіметінің алдына Алаш мүддесін толық жеткізуін хабарладық.

Сталинмен телефон арқылы сөйлескенен кейін облыстық кеңестің (Семей. – *авт.*) төрағасы Шұғаев шақырылды, бірақ олар не туралы сөйлескенін мен білмеймін. Осы әңгімеден кейін облыстық кеңес бізге деген қатынасын біраз өзгертті, тіпті тұтқындағылардың кейбіреуін босатты». Жанша мен Халел Досмұхамедовтердің Мәскеуде Кеңес үкіметінің басшылығымен кездесулердің қорытындысы, сондай-ақ Сталинмен тікелей телефон арқылы сөйлесудің нәтижесі орталық Кеңес үкіметі ұлттық ауызбіршілік пен бірігу принциптеріне негізделген қазақ мемлекеттілігін үзілді-кесілді қарсы екенін, қоғамдағы таптық тұрғыда бөлуге негізделген кеңестік автономия құруға ұмтылатынын көрсетті.

Шығыстағы алғашқы Кеңестік көп ұлтты республика Кеңестердің Түркістан өлкелік V съезінде (Ташкент қаласы, 1918 жылғы 20 сәуір – 1 мамыр) жарияланған Түркістан АКСР-і болып табылады. Оған қазіргі Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс облыстары (бұрынғы Сырдария мен Жетісу) кірді. Қазақстанның қалған аумақтарында – Оралдың Торғай өңірінде, Ақмола, Семей облыстарында, Бөкей Ордасы мен Маңғыстауда Қазақ кеңес мемлекеттілігін құру мәселесі бойынша аса күрделі жұмыстар атқарылып жатты. Сонымен қатар Қазақстан мен Орта Азиядағы тәуелсіз ұлттық автономия идеясына сенімсіздік таныту үрдісі де ұйымдастырылды, қазақстандық және түркістандық мерзімдік баспасөз беттерінде осы мәселе бойынша «еңбекшілердің хаттары» жарияланды. Мәселен, 1917 жылы 16 желтоқсанда Ақмоладағы сан мыңдаған қазақ еңбекшілерінің демонстрациясы атынан В.И.Ленинге жолданған жеделхатта «Қырғыз (қазақ. – *авт.*)» интеллигенциясының басым көпшілігі байлар мен ақсүйектерді қолдап, Алашорда автономиясын құрды... Алашорда автономиясы қырғыз (қазақ. – *авт.*) еңбекшілеріне керек емес» деп жазса, 1918 жылы 25 сәуірде кеңестердің Ақмола уездік съезі РКФСР Ұлттар істері жөніндегі Халық

Комиссариатына «кадеттердің өзара келісіп алып, Алашорда атаған қазақ автономиясы» туралы II Бүкілқазақ съезінің шешімі «мүлде жарамсыз деп танылсын» деген жеделхат жіберді. Түркістан («Қоқан») автономиясы талқандалған күндері «Қоқан қаласының жұмысшылары атынан» «Біздің газеттің» (Ташкент кеңесінің органы) беттерінде мақала жарияланып, онда былай делінді: «Біз, еңбекшілер мен жұмысшы-мұсылмандар, барлық автономиялық авантюристерге лағынет айтамыз, Ресей социалистік республикасын мойындаймыз, сонымен бірге және жұмысшы, солдат, шаруа және диқан-мұсылман депутаттары кеңестеріне бағынамыз».

Кеңес өкіметін нығайту және Қазақ кеңес автономиясын құруға дайындық жұмыстарын жүргізу кезінде «Үш жүз» партиясының көсемдері, бірінші кезекте Көлбай Тоғысов Алаш партиясына қарсы күресі күшейте түсті. 1918 жылы сәуірдің басында К.Тоғысов телеграф арқылы Семей Кеңесінің төрағасы К.Шұғаевқа Алаш құрған барлық ұйымдарды таратуды ұсынды. Бірнеше күн өткен соң ол РКФСР ХКК –нің төрағасы В.И.Ленинге ультимативтік сипаттағы мынадай жеделхат жіберді. «Бөкейхановтың қырғыз (қазақ. – авт.) автономиясы туралы сізбен телефон арқылы сөйлескен хабары «Үш жүз» партиясының төрағасы маған да белгілі болды. «Алаш» партиясы таратылып, оның мүшелері тұтқындалғанын сіздің назарыңызға жеткізіп тұрмын. Бөкейханов – Дулатов қозғалысының көрнекті белсенді мүшелерінің бірі қазір іздестіріліп жатыр. Газет мәліметі бойынша «Алаш» партиясының көрнекті өкілі Ғаббасов Мәскеуге барып, сізбен кездескен. Ғаббасовты дереу тұтқынға алып, Омбыға жіберуге, революцияға қарсы қозғалысқа қатысқаны үшін революциялық трибуналдың сотына тартуға бұйрық беруіңізді сұраймын».

Іс жүзінде үшжүздіктердің ұлттық-мемлекеттік құрылыс бойынша айқын бағыт-бағдары болған жоқ. Олар 1918 жылдың басынан бастап Алаш автономиясына қарсы шыға отырып, Қазақстанның мәдени-экономикалық артта қалушылығы, халқының аса үлкен жер аумағында шашыраңқы (Астраханнан Қытайға дейін) орналасуы, өлкенің көп ұлттық сипаты қазақ мемлекеттілігін құру жолындағы басты кедерге деп есептеді. Олар қазақ мемлекеттілігі бір ғана қазақ ұлты негізінде құрыла алмайды, басқа халықтар оған «кедергі келтіреді» деп есептеді.

Үшжүздіктер ұлттық мәселені шешудің мемлекеттік формасы «Түркі-татар» қоғамдастығын құруда деп білді, басқаша айтқанда, бір ғана түркі тілдік белгісіне қарай Ресей мұсылмандарын жасанды жолмен біріктіру идеясын көтерді. Сондықтан олардың «Түркілер мен ұландары жасасын!» деген ұраны партиямен аттас орган «Үш жүз» газеті әрбір нөмірінің бірінші бетіне басылып отырды.

Қазревком 1919 жылғы 10 шілдемен -1920 жылғы 10 қазан аралығында 15ай қызмет етті . Ол құрылған күнінен бастап Құрылтай съезін шақыру жөніндегі бар жұмысты өзі атқарды. Қазревкомның іс-қимыл рекшелігі сол кез үшін алғашқы кезектегі әскери-саяси проблеманың маңыздылығынан туындады, өзінің бар мүмкіндігін ,күш-жігерін өлкеде Қызыл армияның жеңісін қамтамасыз етуге жұмсауы тиіс болды. Қазревком мүшелері Қызыл армия бөлімдерімен бірге қалалар мен елді мекендерді ақтардан азат етуге қатысты және жергілікті жерлерде Кеңес өкіметі аппаратын құруға көмектесті,Қазақстанда соғыс қимылдарын жүргізіп жатқан Шығыс ,Түркістан және басқа майдандар мен бөлімшелердің жауынгерлерін барлық керек-жарақтармен қамтамасыз етуге атсалысты.

Қазақ революциялық комитетінің қалай дегенмен де басты айналысқан мәселесі – Қазақстан Кеңестерінің Құрылтай съезін шақыруды әзірлеу мен өткізу болды. Ол өзінен өзі іске аса салған жоқ. Ескеретін бір жайт: Қазақ революциялық комитетінің құрылуы Кеңес өкіметі мен Алаш қозғалысының арасындағы белгілі бір мәміленің көрініс табуы еді. Оның алғашқы және одан кейінгі құрамына белсенді кеңес қызметкерлерімен қатар большевиктердің қарсыластары, Алаш қозғалысының көрнекті қайраткерлерлері кірді. А.Байтұрсынов Қазақ революциялық комитеті төрағасының орынбасары болып тағайындалды,ал Б.Қаралдин Қазревкомның хатшысы міндетін атқарды.

Қазақстан Кеңестерінің Құрылтай съезі қабылдаған аса маңызды саяси құжат «Қырғыз АКСР еңбекшілері құқықтарының декларациясы" болып табылады. Декларация

Қазақ АКСР-інің құрылуы және оның ұйымдары мен қызметінің басты принциптерін белгіледі. Декларацияда еңбекшілердің өзара қатынастарының негізі «ендігі РКФСР-ға енетін ұлттардың өзара сенімі мен түсіністігіне негізделетін тығыз және туысқандық байланыста болып табылады» деп атап көрсетілді.

Қазақстан халқының өзі таңдап, мақұлдаған Негізгі Заңы – Конституцияның сара жолымен жүріп келе жатқанына биыл 10 жыл толып отыр. Мемлекетіміз бен қоғамымыздың дамуындағы түбегейлі өзгерістер, демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнығуға деген талпыныстардың бәрі Ата заңымыздың қағидаларына сүйену арқылы жүзеге асуда. Кеңес заманындағы Қазақстан тарихында 1978 жылы қабылданған Қазақ КСР-нің Конституциясына тоқталып өткеніміз дұрыс болар. Себебі, сол Конституциямен егемен Қазақстанның Негізгі заңын салыстырғанда ғана Қазақстанда он бес жылдың ішінде тарихи салада, экономикада, әлеуметтік қатынастарда, қоғамның, өмірдің басқа да құбылыстарында қандай түбегейлі, тарихи маңызы бар өзгерістердің орын алғандығын анығырақ түсінбекпіз.

Шынында, сол тарихи өзгерістер алдымен Қазақстан мемлекеттілігінің өзгеруіне байланысты. Қазақ КСР-нің 1978 жылғы Конституциясы бойынша Қазақстан егемен мемлекет деп танылды. Бірақ, мұндай тұжырым шындыққа сәйкес келіңкіремейтін. Қазақстан КСРО құрамындағы он бес одақтас республикалардың бірі болатын. Шаруашылыққа, саясатқа, әлеуметтік жағдайға, мәдениетке байланысты мәселелердің баршасы тек одақтық партия және мемлекеттік органдар арқылы ғана қаралып, шешіліп отырған-ды. Оған қоса, мәселелерді орталықтандыру дәстүрі жылдан-жылға күшейіп, тіпті асқынып кетті. Одақтас республикалардағы болмашы мәселенің өзі Мәскеу арқылы шешілетін. Соның бір айғағы: аспиранттардан кандидаттық емтихан алу үшін олардың тізімі жасалып, рұқсат алуға Мәскеуге жіберілетін. Осындай жағдайдағы республикаларды дербес мемлекет деп санауға болар ма еді?

Кеңес дәуірінде Қазақстанда өмірдің барлық салаларының едәуір алға басқанын жоққа шығаруға болмайды. Айталық, көптеген қалалар салынды, өсті, зауыт-фабрикалар құрылып, үздіксіз жұмыс істеп тұрды, білім мен ғылым дамып, айтарлықтай жетістіктерге қол жетті. Алайда, 60-70 жылдары осының бәрінің тұралап, дамымай қалғаны тағы рас. Түрлі реформалар, қайта құру еш нәтиже бермеді. Ақырында, Кеңестер Одағы саяси, экономикалық, әлеуметтік дағдарысқа ұшырап, құлдырай бастады. Қуатты, мызғымас Кеңес мемлекеті құрдымға жол тартып, он бес мемлекет өз алдарына бөлініп шықты. Формальді тұрғысынан қандай жақсы болса да, КСРО-ның 1977 жылғы Конституциясы алып мемлекетті сақтап қала алмады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алаш-Орда. Сборник документов..., 126-б.
2. Нурпеисов К.Н. Көрсет. еңбегі, 140-б.
3. Қазақстан тарихы. 5-томдық. 1,2,3 ТТ. А., 1996, 1998, 2002.
4. Қазақ, 1917, №255; Бөкейханов А. Шығармалар. А., 1994.
5. Қазақстан тарихы. Очерктер. А., 1994.
6. Ленин В.И. Полн. соб. соч., т.35, 111-б.
7. Сонда.
8. Великая Октябрьская социалистическая революция в Казахстане. Летопись событий, А., 1967, 258-б.
9. Нурпеисов К.Н. Көрсет. еңбегі, 140-б.
10. Наша газета. 1918, 9 февраля.
11. Приложение к газете «Голос труда», 1918, 6 апреля.

12. Елькеев Б. Партия «Уш жуз» и ее деятельность в период установления Советской власти в 13. Казахстане // История Казахстана: белые пятна. Сб. статей, А., 1991, 63-б.
14. Уш жуз. Петропавловск, 1918, №4, 19 января; №7, 2 марта.

11.5 Конституционное право

УДК 342.4(574)

ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ДАУДЫ ШЕШУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңсағанова Айгерім Аңсағанқызы

aler-1994@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінің
заңтану мамандығының 3 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші- Ибрагимов.Ж.И.

Қазақ құқығы - қазақ халқының және барлық көшпелі өркениеттің мәдени байлығы. Ол мыңжылдық тарихи ерекшелігі және өміршеңдігімен, адам еркіндігін жақтаған сипаттарымен әлем назарына ілінді. Ұлы далада, көшпелі өркениеттің негізін құраған, қыпшақтар даңқының үстемдігінің ерте құлдырауы, тиісінше Қазақтың құқықтық мәдениетінің беделі мен рөлінің құлдырауына соқтырғандығы таңқаларлық жағдай. Бұл қайшылықты Қазақтың ата заңында аумағы кең даланың "еркіндік" қабілетінің сақталуымен, "оқшау" орналасуымен түсіндіруге болады. Дегенмен де, орта ғасырдағы қазақ даласындағы мәдени-шаруашылық тоқыраудың белең алуы, өркендеп өскен басқа елдерден көш-құрым артта қалуы қоғам дамуына да әсерін тигізбей қоймайды. Ұлан-байтақ Орта Азия аумағы тарих саханасының соңғы шебіне ысырылып тасталды да, ұзақ уақыт бойына ұмыт қалды. Жат елдердің көшпелілер даласын отарлау саясатының іске асуымен байланысты қазақ қоғамы тарих бетіне қайта ене бастады. Бұл өзгерістер қазақ құқығының кейінгі тағдырында да және оған баға беруден де көрініс тапты.

Ортағасырлық шығыс, оның ішінде түркі, қытай және моңғол жазбаларында, сондай-ақ кейбір батыс және орыс жаһангерлерінің, зертеушілерінің және жаңа замандағы жергілікті қайраткерлердің еңбектерінде біз Қазақстанда "Алтын ғасыр" дәуірі болды деген құжаттарды жиі ұшырасамыз. Олар халықтың жадында өткен өмірдің сағымы ретінде қазіргі заманға дейін сақталып келді. Ол жоқтан бар етіп, біреулердің ойдан шығара салған қиялы емес. Өз мәні бойынша ол қазақ даласын отарлап алғысы келгендер мен оның еркіндігін аңсағандардың арасында болған үздіксіз күресті көрсеткен тарихи шындықты сипаттады. Ұрпақтардың арманына айналған бұл аңсаудың негізінде әділ төреші, ақыл мен арды тең ұстаған әрі шешен, тарихы тұлға "бидің" атымен байланыстырылатын "әділетті тәртіп" идеясы жатыр. Би Қазақ даласында хан болған жоқ. Бірақ ол жеке қасиеттері мен әлеуметтік межелер билігінде ханнан да жоғары тұрды. Сондықтан да халық арасында: "Ханда қырық кісінің ақылы бар, биде қырық кісінің ары, білімі бар" - деген түсінік қалыптасқан.

Аса ірі зерттеулері үшін тірі күнінде "Қазақ халқының Геродоты" атанған орыстың көрнекті шығыстану-ғалымы А.И.Левшин XIX ғасырдың басында былай деген: "Было время, говорят благоразумнейшие из киргизов. Меньшей Орды, когда и наш народ жил в покое, было время, когда у нас существовал порядок, были законы и правосудие"-"Кіші Орда қырғыздарының көрнекті ақыл иелері қазақ халқының да үстемдік құрған уақыттары болған деп үнемі айтып отыратын"[1,169].

Автор ол кезеңді халық "аңсап" еске алатын "Алтын ғасыр" деп атайды [1,23].

Қазақ халқының арасында көп жұмыс істеген және қазақ тілін жете меңгерген тағы бір орыс зерттеушісі А.Е.Алекторов өз бастауын көне заманнан алатын, бірақ XIX ғасырға дейін сақталған билер сотын тандана суреттейді. Сот әділдігінің көне дәстүрлерін сақтаған билер, оның айтуынша, ежелгі демократия үлгілерін жүзеге асырған. Ол: "Каждый би и